



Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаттары мен Егіндікөл ауданы тұрғындарының назарына

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес 2026 жылдың 15 қыркүйек күні сағат 11.00-де Егіндікөл ауылында сегізінші шақырылымдағы аудандық мәслихатының кезекті 43 сессиясы шақырылатынын хабарлаймын. Сессияның қарауына енгізілетін негізгі мәселе: 1. Егіндікөл ауданы әкімінің өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі туралы. Баяндамашы: Курушин Юрий Викторович - Егіндікөл ауданының әкімі. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырысы сағат 10.00-де өтеді. Егіндікөл аудандық мәслихат сессиясының Онлайн көрсетілімі Facebook платформасында <https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397> өткізіледі.

Қ. Шынтеміров, Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы

К сведению депутатов Егиндыкольского районного маслихата и населения Егиндыкольского района

В соответствии с пунктом 3 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» сообщая, что 15 сентября 2026 года в 11.00 часов в селе Егиндыколь созывается очередная 43 сессия Егиндыкольского районного маслихата восьмого созыва. На рассмотрение сессии вносятся основные вопросы: 1. Об отчете акима Егиндыкольского района о выполнении возложенных на него функций и задач. Докладывает: Курушин Юрий Викторович – аким Егиндыкольского района. В 10.00 часов состоится заседания постоянных комиссий районного маслихата. Онлайн-трансляция сессии Егиндыкольского районного маслихата будет проводиться на платформе Facebook <https://www.facebook.com/profile.php?id=100053669980397>

К. Шинтемиров, председатель Егиндыкольского районного маслихата

Жаңа жағалау — жаңа тартылыс орталығы



Егіндікөл ауданында заманауи жағалауды абаттандыру бойынша ауқымды жобаны іске асыру жалғасуда. Жоба екі жылға есептелген, ал келесі жылы тұрғындар бос уақыттарын жаңадан абаттандырылған қоғамдық кеңістікте өткізе алады. Заманауи жағалауды құру туралы бастама Егіндікөл ауданының әкіміне тиесілі. Жоба аумақтың келбетін өзгертіп қана қоймай, тұрғындар үшін демалыс пен бос уақытты жайлы өткізу орнын ашуға бағытталған. Жобада бұрынғы ауыз су қазаншұңқырының аумағын абаттандыру көзделген. Бұл жерде жасанды көл, серуендеу аймақтары, заманауи шағын архитектуралық формалар мен жайлы демалыс орындары пайда болады. Тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін



аумақта сауда павильоны мен медициналық пункт орналастыру да жоспарлануда. Қоқыс жинауға арналған контейнерлер орнатылып, аумақты қажетті абаттандыру жұмыстары қарастырылған. Осылайша, ауыз су қазаншұңқырының бұрынғы аумағы біртіндеп заманауи әрі шипалы қоғамдық кеңістікке айналуы тиіс. Жаңа жағалау Егіндікөл ауданының көркіне айналып, отбасылық демалыс, серуендеу, кездесулер мен бос уақытты өткізу орнына айналады. Бұл жерде үлкендер де, балалар да уақытты сүйіспеншілікпен өткізетін болады. Егіндікөл өзгеруде — онымен бірге тұрғындардың өмір сүру сапасы да артып келеді.

Хабарландыру

«ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» РММ (Көкшетау қаласы, Назарбаев даңғылы 73, тел.50-43-

63) тарифтер жобаларын талқылау бойынша жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Субъектің атауы Егіндікөл ауданы әкімдігі жанындағы «Егіндікөл Су Арнасы» ШЖҚ МКК.	Реттелетін қызмет түрі Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу	Өткізу уақыты, күні, орны 2026 жылғы 21 қыркүйектегі сағат 11.00-де Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Жеңіс көшесі 2, «Егіндікөл ауданының «Сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ ғимараты мекенжайы бойынша өткізіледі. Анықтама үшін: Департамент - (87162) 50-43-63; «Егіндікөл Су Арнасы» ШЖҚ МКК - 8 716 422097.
---	--	---

Жария тыңдауға барлық мүдделі тұлғалар қатыса алады. Сонымен қатар, Егіндікөл ауылының тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар «ZOOM» (идентификатор 633 319 3624, құпия сөз 1234567890) қосымшасы арқылы жария тыңдауға қатыса алады.

РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по Акмолинской области (город Кокшетау, проспект Назарбаева 73, тел.

Кез-келген адам онлайн режимінде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады. Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: Департамент – 8(7162) 50-43-63; «Егіндікөл Су Арнасы» ШЖҚ МКК - 8 716 422097.

50-43-63) сообщает о проведении публичных слушаний по обсуждению проектов тарифов.

Наименование субъекта	Вид регулируемой услуги	Время, дата, место проведения
ГКП на ПХВ «Егиндыколь Су Арнасы» при акимате Егиндыкольского района	Производство, передача, распределение и реализации тепловой энергии	21 сентября 2026 года в 11.00 часов по адресу: Егиндыкольский район, село Егиндыколь, ул. Победы 2, здание ГУ «Отдел архитектуры, строительства, ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» Егиндыкольского района. Для справок: Департамент - (87162) 50-43-63; ГКП на ПХВ «Егиндыколь Су Арнасы» - 8 716 422097.

В публичном слушании могут принять участие все заинтересованные лица. Между тем сообщаем, жители села Егиндыколь и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях в режиме онлайн на платформе «ZOOM» (идентификатор 633 319 3624, пароль 1234567890).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы. По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам: Департамент – 8(7162) 50-43-63; ГКП на ПХВ «Егиндыколь Су Арнасы» - 8 716 422097.

ПОДПИШИТЕСЬ
на районную газету
АЛТЫН АСТЫҚ
на второе полугодие 2026 года!

ВСЕ НОВОСТИ РАЙОНА
НА СТРАНИЦАХ ВАШЕЙ ГАЗЕТЫ

АКТУАЛЬНО, ДОСТОВЕРНО,
ИНТЕРЕСНО

ВАЖНОЕ – РЯДОМ,
ИНТЕРЕСНОЕ – ДЛЯ ВАС!

Будьте в курсе событий!

Вы можете оформить подписку
на второе полугодие 2026 года
у оператора сельского
отделения почтовой связи

КАЗПОЧТА СВЯЗЬ КАЖДЫЙ ДЕНЬ

Қайырлы күн, құрметті депутаттар мен шақырылғандар!

Жергілікті атқарушы органдардың негізгі стратегиялық міндеті тіршілікті қамтамасыз етудің барлық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін және оларды одан әрі дамытуды, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру болып табылады. Баяндамаға ауыса отырып, 2026 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Егіндікөл ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштеріне қысқаша тоқталамын. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша мынадай динамика байқалады.

Өнеркәсіп, ШОБ

Ауданда қолданыстағы бағамен 693 млн. теңге сомасына өнеркәсіп өнімдері өндірілді (171,3 млн. теңгеге артық). Аудан орталығының, ауылдар және ауылдық округтердің аумағында 442 шағын орта бизнес нысаны (ШОБ) өз қызметін жүзеге асырады. Экономиканың осы саласында жұмыспен қамтылғандар саны 1072 адамды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі – 3,2 млрд. теңге, НКИ - 116,5%.

392 ш.м. жеке тұрғын үй пайдалануға берілді немесе өткен жылғы кезеңге қарағанда 40,8%. Анықтама үшін: Полтавское ауылында 2 үй және Егіндікөл ауылында 1 үй пайдалануға берілді, өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 2025 жылы екі пәтерлі 6 үйдің енгізілуі есебінен төмендеді. Бөлшек тауар айналымының көлемі 698 млн. теңгені немесе 100,2% құрады.

Кәсіпкерлікті дамыту аясында Егіндікөл ауданында ауыл шаруашылығына арналмаған жобаларды іске асыру жүзеге асырылуда..

Қазіргі уақытта халыққа техникалық қызмет көрсету және қызмет көрсету саласын дамытуды көздейтін жалпы сомасы 29,7 млн. теңгеге 3 жоба айқындалды.

Іске асырылатын жобалар:

1.ЖК «LedLight» (Луцкий Р.В.) - жеңіл және жүк автомобильдеріне техникалық қызмет көрсету пунктін құру жобасы. Жобаның жалпы құны 10,8 млн. теңгені құрайды. Жобаны іске асыру аясында 2 жаңа жұмыс орнын ашу көзделеді. 2.Филиал/ЖК Жакенова Д.К. - автомобильдерге техникалық қызмет көрсету станциясын (ТҚКС) ашу және автокөлік жуу жобасы. Жобаның құны 10,2 млн. теңгені құрайды. Құжаттар пакеті «KOKSHE» АӨК берілді. Жоба ұсынылған құжаттардың сәйкестігіне тексеруден өтті және қазіргі уақытта қаржыландыруды күтуде. 3.ЖК «Криксина» — өзіне-өзі қызмет көрсететін автокөлік жуу қызметтерін ұсыну жобасы. Жобаның құны 8,7 млн. теңгені құрайды. 1 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Құжаттар пакеті қалыптастырылып, «KOKSHE» АӨК тексеруге берілді.

Осылайша, ауыл шаруашылығына арналмаған үш жобаның жалпы құны 29,7 млн. теңгені құрайды. Жобаларды іске асыру қызмет көрсету саласын дамытуға, кәсіпкерліктің жаңа объектілерін құруға және аудан тұрғындарын сұранысқа ие қызметтермен қамтамасыз етуге бағытталған.

Аграрлық секторды дамыту.

АӨК саласында жыл сайынғы тұрақты өсім байқалады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 1,8 млрд.теңгені құрады. Нақты көлем индексі - 102,7%. Мал шаруашылығы саласында НКИ 101,4% құрады. Өсімдік шаруашылығы саласында НКИ 150,0% құрады.

Ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді 56 ЖШС және 207 шаруа қожалығы жүргізді. Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру, жаздық егіс 307,5 мың га алқапта жүргізілді, оның ішінде;

- дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар - 279,3 мың га (бидай – 264,6 мың га, арпа – 13,3 мың га, сұлы – 0,3 мың га, құмай 0,02 мың га, дәнді-бұршақты -1,0 мың га),

– майлы дақылдар - 23 мың га (егіс алқабын 9,1 мың гектардан 23 мың гектарға дейін 2,3 еседен астам ұлғайту),

- жемшөп – 5,2 мың га.

Ү.ж. 15 қыркүйектегі жағдай бойынша 253,0 мың га алқапта астық дақылдары жиналды, шығымдылығы 10,0 ц/га құрады (2025 жылы шығымдылығы – 13,5 ц/га) және майлы дақылдар 8,6 мың га, шығымдылығы – 5,6 ц/га (2025 жылы – 6,4 ц/га).

Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бойынша бірқатар инвестициялық жобаларды белсенді қарқынмен іске асыруда, оған сәйкес 2026 жылы АӨК саласында 165 млн. теңге сомаға 4 инвестициялық жоба іске асырылуда, мысалы: ангар салу, ет өнімдерін және ІҚМ тірі түрінде сатумен ет мал шаруашылығы фермасын құру, майлы цехты жаңғырту, астыққа арналған алаң салу.

Егіндікөл ауданында ауыл шаруашылығы жануарларының импорттық асыл тұқымды мал басын сатып алуға бағытталған «Игілік» және «Береке» бағдарламалары іске асырылуда. Жобаларды қаржыландыру 6%-дан аспайтын белгіленген пайыздық жылдық мөлшерлеме бойынша жүзеге асырылады. Аталған бағдарламаларды іске асыру аясында ағымдағы жылдың шілде айында Ауыл шаруашылығы басқармасына тіркеу және кейіннен «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ («АКК» АҚ) беру үшін ауданның агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінен өтінімдер берілді. «Игілік» бағдарламасы бойынша екі өтінім берілді: •«Ушаково-Агро» ЖШС — 4 жұмыс орнын ашып, 257 млн. теңге сомасына 500 бас ұсақ мал сатып алу; •«РостАгроLTD» ЖШС — 3 жұмыс орнын ашып, 171 млн. теңге сомасына 100 бас ірі қара мал сатып алу. «Игілік» бағдарламасы бойынша мәлімделген инвестициялардың жалпы көлемі 428 млн. теңгені құрайды, 7 жұмыс орнын ашу көзделуде. «Береке» бағдарламасы бойынша бір өтінім берілді: •«Қоржынкөл-А» ЖШС — 856 млн. теңге сомасына 500 бас ірі қара мал сатып алу.

Осылайша, «Игілік» және «Береке» бағдарламалары бойынша Егіндікөл ауданында жалпы сомасы 1 млрд. 284 млн теңгеге 1100 бас ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуды көздейтін 3 жобадан тұратын портфель қалыптастырылды, осы жобалар бойынша 7 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері жалпы құны 2,5 млрд. теңгені құрайтын 1 860 га алқапта дәнді және майлы дақылдарды өсіру үшін жасанды суаруды енгізу бойынша жобалар әзірледі. Анықтама үшін: 1. «Қоржынкөл» ЖШС ауданы 400 га, құны 496 млн. теңге; 2. «Сарымсақты» ЖШС ауданы 1000 га, құны 1 млрд. 450 млн. теңге; 3. «Калинино» ЖШС ауданы 463 га, құны 630 млн. теңге.

Халықты әлеуметтік қорғау

«Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына жоспарда 52 адам болған кезде 45 адам жіберілді.

Анықтама үшін: әлеуметтік жұмыс орындарына – 5 адам, жоспар бойынша - 8 адам, қоғамдық жұмыстар – 30 адам, жоспар бойынша - 30 адам, «Күміс жас» жобасы бойынша - 7 адам, жоспарда 6 адам, «Жастар практикасы» жобасы бойынша - 3 адам, жоспар бойынша 8 адам.

Өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында жаңа жұмыс орындарын ашу жоспары 243 жұмыс орнын құрады оның ішінде:

- «Ұлттық жобалар мен тұжырымдамалар» аясында жоспардағы 80 орнына 101 жұмыс орны, МЗЖ болған жағдайда 89 жұмыс орны ашылды; - «Бос жұмыс орындарына» жұмысқа орналастыру жоспар бойынша 80 жұмыс орны, 164 жұмыс орны, МЗЖ болған жағдайда 140 жұмыс орны ашылды. Жыл басынан бері аудандық бюджеттен 51 алушыға жалпы сомасы 4,3 млн.теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді.

Анықтама: туберкулезбен ауыратын науқастарға 1 адам 130 мың теңге, бірінші типті қант диабеті бар адамдарға 4 адам 260 мың теңге, онкологиялық науқастарға 12 адам - 779 мың теңге, Жеңіс күніне 15 адам 1 587 мың теңге, қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға 8 адам 173 мың теңге, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға 3 адам 195 мың теңге, зейнеткерлерге санаторий-курорттық емдеуге жұмсалған шығындарды өтеу 6 адам 778 мың теңге, өрт салдарынан шұғыл қолдауға мұқтаж адамдарға 2 адам 432 мың теңге. Атаулы әлеуметтік көмек 35 адам тұратын 7 отбасына тағайындалды және төленді. Төленген әлеуметтік көмек сомасы 1,1 млн. теңгені құрады. Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы мүгедектігі бар 72 адам оңалту қызметтерімен қамтамасыз етілді.

Анықтама үшін: протездік-ортопедиялық көмек 10

адам, кресло-арбамен қамтамасыз ету 7 адам, санаторий-курорттық емдеу 3 адам, міндетті гигиеналық құралдармен 52 адам.

Бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуы қабылданған міндеттемелердің орындалуының кепілі болып табылады. 2026 жылдың ағымдағы кезеңінің қорытындысы бойынша меншікті кірістер 111,7% немесе 542 млн. теңгеге орындалды (жоспар - 485 млн.теңге, жоспардан тыс 57 млн. теңге түсті). 2025 жылмен салыстырғанда 197 млн. теңгеге өсім қамтамасыз етілді. Аудандық бюджеттің шығыс бөлігі 99,5% немесе 949 млн. теңгеге орындалды.

Құрылыс

Егіндікөл ауданында 2025 жылы сегіз екі пәтерлі үй және бір 16 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді (барлығы 32 пәтер).

Қазіргі уақытта тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қоюға өтініш беру және тұрғын үйді бөлу «Отбасы банкі» АҚ платформасы арқылы жүргізіледі. Кезекте тұрғандардың тізімі «Отбасы Банкі» АҚ-ға берілді. Кезекте тұрған 60 адамның 14-і пәтер алды (көп балалы отбасылар - 3; ХӨҚТ - 4; мүгедектігі бар адамдар - 4; жетім балалар - 3).

Қазіргі уақытта кезекте тұрғандар тізімінде 113 адам бар.

Ағымдағы жылы Егіндікөл ауданында мемлекеттік бағдарламалар бойынша салынып жатқан тұрғын үй жоқ.

Жеке тұрғын үй құрылысы жүргізілуде.

40 млн.теңге сомасына 392 ш.м. жеке тұрғын үй пайдалануға берілді.

Анықтама үшін: «Сарымсақты» ЖШС әрқайсысының ауданы 88 м2 екі тұрғын үй салынды. Әрбір тұрғын үйдің құны 10 млн. теңгені құрайды.

«Жұлдыз Діқан» ЖШС ауданы 216 м2 жатақхана салды, құны 20 млн. теңге.

Жылумен жабдықтау

Соңғы жылдары жылумен жабдықтау нысандарының жағдайы айтарлықтай жақсарды.

2023-2025 жылдары жылумен жабдықтау объектілеріне 195 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде жылу желілерінің ұзындығы 32%-ға 1,6 км-ден 5 км-ге дейін ұлғайды, жылу желілерінің тозуы 45%-дан 30%-ға дейін төмендеді.

2025 жылы жүргізілді:

- Егіндікөл ауылындағы Жеңіс және Жамбыл көшелеріндегі тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттарды қосумен жылу трассасын жөндеу; - Егіндікөл ауылындағы әкімшілік ғимараттардың жылу желілерін қосумен қазандықты ағымдағы жөндеу.

2025 жылы жалпы ауданы 24,3 мың шаршы метрді құрайтын барлығы 212 абонент орталық жылытуға қосылды.

Егіндікөл ауылының барлық 5 қазандығында жаңа қазандықтар ауыстырылды және орнатылды. Жаңа БМК сатып алынып, Егіндікөл шағын ауданында орнатылды.

2026 – 2027 жылдардағы жылыту маусымын дайындау және өткізу аясында облыстық бюджеттен 120 млн теңгеден астам қаражат бөлу көзделген. Аудандық бюджеттен 22,5 млн. теңге. Білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары бойынша облыстық бюджеттен көмір сатып алуға 57 млн. теңге бөлінді.

Анықтама үшін:

облыстық бюджеттен:

- 41,5 млн. теңге – Егіндікөл ауданының Егіндікөл ауылындағы қазандықтарды ағымдағы жөндеуге (2026 жылы - 100,0 мың теңге, қалғаны 2027 жылға - 41,4 млн. теңге);

- 11,7 млн. теңге – Егіндікөл а. әкімшілік ғимараттардың жылу жүйесін ағымдағы жөндеуге; - 61 млн. теңге – 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымының басталуына жылумен жабдықтаушы кәсіпорындарға (2026 жылы -10,6 млн. теңге, 2027 жылға – 50,4 млн. теңге);

- 6,3 млн. теңге - 150 кВт дизельді генератор (2 дана) сатып алу (2026 жылы - 100 мың теңге, 2027 жылы - 6,2 млн. теңге).

аудандық бюджеттен:

- 5,2 млн. теңге – Егіндікөл а. Мир көшесі бойынша әкімшілік ғимараттың жылу жүйесін ағымдағы жөндеу;

- 17 ,3 млн. теңге – көмір сатып алу.

Ағымдағы жылы Егіндікөл ауылының агротехникалық колледжінің оқу корпустары ғимаратын және Егіндікөл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасын орталық жылумен жабдықтау жүйесіне қосу бойынша жұмыстарды орындау жоспарлануда. Егіндікөл ауылының жеке секторын

№35

орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне қосу үшін үш блокты-модульді қазандықтар орнату мәселесі қарастырылуда (1-БМК - 13,0 мың ш.м.). Аталған объектілерді пайдалануға беру тұрғын үйлер мен ұйымдарды сенімді және сапалы жылумен қамтамасыз етеді, бұл Егіндікөл ауылының тұрғындарының өмір сүру жайлылық деңгейін арттырады.

Сумен жабдықтау

Бұған дейін Егіндікөл ауданының ең өзекті мәселелерінің бірі халықты сумен қамтамасыз ету болды. Қазіргі уақытта ауданның елді мекендерінде сумен жабдықтау тұрақты.

2025 жылы Полтавское ауылы мен Буревестник ауылының су құбыры құрылыстарына жөндеу жүргізілді.

Орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілмеген елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен ББМ (көлемі 15 м³ жерасты жинақтау резервуарлары бар су тарату жөніндегі біріктірілген блок-модульдер). сатып алу және орнату үшін 54 млн. теңге сомасына қаражат бөлінді. ББМ Абай, Жалманқұлақ, Жұлдыз ауылдарына орнатылды және тұрғындарын сумен қамтамасыз етуде.

Сумен жабдықтау проблемаларын шешу тұрақты назар мен бақылауды талап етеді, қазіргі уақытта жалпы сомасы 388,8 млн.теңгеге сумен жабдықтаудың 7 объектісіне ағымдағы жөндеу жүргізуге сметалық құжаттама дайындалды. Осы жобалар бойынша бюджеттік өтінімдер Ақмола облысының ТКШ басқармасына берілді.

Жолдар.

2024 жылдың 1 сәуірінен бастап Егіндікөл ауылы бойынша 30 жылда алғаш рет автобус бағыты іске қосылды, ол ауыл тұрғындарының сұранысына ие.

Ағымдағы жылы ауданның елді мекендерінің көліктік қолжетімділігін дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылды. Тұрғындар үшін ыңғайлы және тұрақты қатынасты қамтамасыз ету мақсатында Егіндікөл және Спиридоновка ауылдары арасында автобус бағыты іске қосылды.

Бұл жобаны іске асыру әлеуметтік және медициналық қызметтерге қолжетімділікті жақсартуға, сондай-ақ ауданның елді мекендерінің көлік байланысын нығайтуға ықпал етеді. Өткен жылы Ұзынкөл ауылының кентішілік автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары орындалды. Осы жобаны іске асыру нәтижесінде ауылдың барлық көшелері асфальтталған, бұл елді мекеннің жол инфрақұрылымының жай-күйін едәуір жақсартты және тұрғындар үшін жайлылық деңгейін арттырды.

Егіндікөл және Қоржынкөл ауылдарының көшелерін орташа жөндеу жұмыстары басталды, жоба екі жылдық болып табылады, жобалардың құны 570 млн. теңгені құрайды. Ағымдағы жылы қаржыландырудың болмауына байланысты жұмыстар жүргізілген жоқ.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру мақсатында өткен жылы Егіндікөл ауылының тарихында екі қиылыста алғашқы бағдаршамдар орнатылды. Ағымдағы жылы осы бағыттағы жұмыс жалғасуда. Школьная көшесінен Мир көшесіне дейін, «Паутина» дәмханасынан Жеңіс саябағына дейін тротуар орнатылды, сондай-ақ Мир көшесі мен Жеңіс көшесінің қиылысында бағдаршамдар орнатылды. Аталған іс-шараларды іске асыру жаяу жүргіншілер мен жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздік деңгейін арттыруға, сондай-ақ ауыл тұрғындарының жүріп-тұруы үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Білім беру.

Ауданның білім беру жүйесінде 9 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде 7 орта мектеп, 2 негізгі мектеп жұмыс істейді. Мектептерде 946 оқушы оқиды.

Ауданда 8 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 162 баланы қамтитын Егіндікөл ауылындағы 1 бөбекжай-бақша.

«Қазақстан халқына» қорының қайырымдылық бастамаларын іске асыру аясында 2025 жылы Егіндікөл ауылының № 1 жалпы білім беретін мектебі заманауи оқу кабинеттерімен, қажетті мектеп жабдықтарымен толық жабдықталған, сондай-ақ бірыңғай заманауи стильде безендірілген.

Бұдан басқа, Ұзынкөл ауылының жалпы білім беретін мектебі, Көркем ауылының негізгі орта мектебі және Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі зертханалық жұмыстар жүргізу үшін әмбебап оқу кабинеттерімен қамтамасыз етілген. 2026 жылға облыстық бюджеттен «Жаппай

оқыту» қоры үшін 34 млн.теңге сомасында, аз қамтылған отбасыларының балаларын тегін тамақтандыруды ұйымдастыру, мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін және қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерге жолдамамен қамтамасыз ету үшін қаржы бөлінді. Аудан мектептерін ағымдағы жөндеумен қамту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылы Бауман және Қоржынкөл ауылдарының жалпы білім беретін мектептерінде жылыту, электрмен жабдықтау және жарықтандыру жүйелеріне ағымдағы жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар, Егіндікөл ауылындағы № 2 жалпы білім беретін мектепте ғимараттың шатырына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Егіндікөл ауылындағы «Балбөбек» балабақшасында жылыту жүйесін жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыс білім беру объектілерін пайдалану сенімділігін едәуір арттырады.

Денсаулық сақтау.

Ауданда медициналық көмекті емдеу-алдын алу ұйымдары көрсетеді, бұл 28 төсектік орталық аудандық аурухана, бір ауысымда 72 келушіге арналған емхана, 14 төсектік күндізгі стационар және 10 медициналық пункт. Жыл басынан бері 10 бала туып, 9 адам қайтыс болды.

Туберкулезбен ауыру жоқ.

Сәби және ана өлімі фактілеріне жол берілген жоқ.

Ағымдағы жылы Егіндікөл аудандық ауруханасына өз қаражаты есебінен газ және қан аппараты сатып алынды.

Денсаулық сақтау саласын әлеуметтік қолдау аясында ағымдағы жылы ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің демеушілік қаражаты есебінен Егіндікөл аудандық ауруханасының педиатриялық бөлімшесіне жалпы сомасы 17 млн теңгеге жөндеу жұмыстары аяқталды.

Буревестник ауылын мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында медициналық пункт құрылысы жүргізілуде.

Спиридоновка және Полтавское ауылдарында заманауи фельдшерлік-акушерлік пункттер салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Мәдениет және спорт.

Ауданда аудандық Мәдениет үйі, 4 клуб және 7 кітапхана жұмыс істейді.

Дене шынықтырумен және спортпен белсенді айналысатындардың саны 2,7 мың адамды немесе аудан халқының жалпы санының 45,0% құрайды. Жыл басынан бері ауданда ҰОС ардагері А. В. Яськовты еске алуға арналған волейболдан үш облыстық жарыс, ерлер командалары арасында шайбалы хоккейден облыстық аймақтық турнир және «СХП Шарафутдинов и К» ЖШС директорының кубогына жасөспірімдер арасында шайбалы хоккейден ашық облыстық турнир өткізілді, онда спортшыларды жалпы саны 200-ден астам адамды қамтыды, мұнда Егіндікөл ауданының командалары жүлделі орындарға ие болды.

5 мамырда Егіндікөл ауданының аудандық Мәдениет үйінде жоғары ұйымдастырушылық және шығармашылық деңгейде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына және көрнекті күйші Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына арналған «Өнер - халықтың қазынасы» облыстық халық шығармашылығы байқауының аудандық гала-концерті өтті.

Іс-шара қазақ халқының ұлттық өнерін, рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасын сақтауға және насихаттауға бағытталған маңызды мәдени оқиға болды.

Ағымдағы жылы Егіндікөл ауылының орталық стадионының жарықтандыруы жөнделді. Сондай-ақ, Егіндікөл ауылының Жастар саябағында футбол және волейбол алаңына жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылдың сәуір айында Егіндікөл ауылының орталық алаңында LED-экран орнатылды, бұл халықты ақпараттандыруға, қоғамдық хабардарлық деңгейін арттыруға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар бастамалар мен іс-шараларды танымал етуге бағытталған бейнематериалдарды көрсетуге мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылы іске асырылатын жобалар.

Ағымдағы жылы инфрақұрылымды одан әрі дамытуға және аудан халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды міндеттер іске асырылуда.

Егіндікөл ауданында заманауи спорттық инфрақұрылым нысандарының тапшылығы бар.

3

Халықтың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға сапалы қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық бюджет қаражаты есебінен Егіндікөл ауылында бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға 2,5 млрд. теңге сомасына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді, тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім жолданды.

Егіндікөл ауданының өзекті мәселелерінің бірі - су айдындарының жанында халықтың демалуы үшін абаттандырылған және қауіпсіз орындардың болмауы болып табылады.

Аудан тұрғындары мен қонақтарына қолайлы жағдай жасау мақсатында ағымдағы жылы Егіндікөл ауылының көлінде пирсі бар жағажайға және іргелес жағалау аумағына жайластыру жұмыстары басталды. Бұл жобаның сомасы 86 млн. теңгені құрайды. Сонымен қатар, ағымдағы жылы Спиридоновка ауылында жағажай аймағын жайластыру бойынша жұмыстар жүргізілуде, бұл халықтың демалысын ұйымдастыру үшін мүмкіндіктерді кеңейтуге және ауданның елді мекендерін абаттандыру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Өткен жылы Егіндікөл ауылындағы Жеңіс саябағын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Жобаны іске асыру аясында төсеу жұмыстары жүргізілді, Қаралы ана ескерткішінің жанындағы қаптау плиткалары ауыстырылды, сондай-ақ аумақты жалпы абаттандыруды жақсарту бойынша жұмыстар жүргізілді. Саябақ аумағында әскери техниканың үлгілері орналастырылған екі тұғыр орнатылған. Ағымдағы жылы Егіндікөл ауылында демалыс саябағын абаттандыру жұмыстарын бастау жоспарлануда. Жобада субұрқақ, воркаут-алаң, сондай-ақ балалар ойын кешендерін орнатуды қоса алғанда, халықтың демалуы үшін заманауи және жайлы қоғамдық аймақ құру көзделген. Егіндікөл ауданы облыстың ең ірі астық егетін аудандарының бірі болып табылатынын және тың жерлерді игерудің бай тарихы бар екенін ескере отырып, саябақта алғашқы тың игерушілердің ауыл шаруашылығы техникасының экспозициясын орналастыру жоспарлануда.

Жоба екі жылға есептелген, жалпы құны 152 млн. теңгені құрайды. Қазіргі уақытта «Zharkyn bolashak Almaty» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігімен шарт жасалды. Аудандық бюджеттен 2026 жылы жұмыстарды жүргізуге 20 млн. теңге бөлінді. Алайда мердігер жұмыстарды орындаған жоқ. Осыған байланысты сотқа демалыс саябағын салу шарты бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлеу туралы талап арыз берілді. Бұл жобаны іске асыру ауданның тарихи мұрасын сақтауға, мәдени-демалыс инфрақұрылымын дамытуға және аудан тұрғындары мен қонақтары үшін елді мекеннің тартымдылығын арттыруға ықпал ететін болады.

Егіндікөл ауылында көшені жарықтандыру жүйесін жаңғырту және жөндеу жұмыстары жалғастырылды. «INNOVATION TEX» ЖШС мердігерлік ұйымымен шарт жасалды.

Қазіргі уақытта Егіндікөл ауылының 37 көшесінің 35 көшесінде жарықтандыру бар, Пролетарская және Нефтебазовская екі көшеде жұмыстар әлі жүргізілген жоқ.

Сондай-ақ тұрғын үй инфрақұрылымын жақсарту аясында көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстары жалғастырылды. Өткен жылы Жамбыл көшесіндегі шағын аудан мен үйлердің қасбеттерін жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ағымдағы жылы бұл бағыт жалғасты: Жеңіс көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеттеріне жөндеу жүргізілді. Көлік инфрақұрылымын дамыту және тұрғындар үшін жағдайды жақсарту мақсатында Егіндікөл ауылында 5 жаңа автобус аялдмасы орнатылады. Сонымен қатар, Егіндікөл ауылында соңғы жылдары аумақты көгалдандыру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылуда. Сонымен, сібір шыршасының 96 көшеті отырғызылды. Ағымдағы жылы сібір шыршасының тағы 68 көшеті отырғызылды, күзде тағы 30 көшет отырғызу жоспарлануда, бұл экологиялық жағдайды жақсартуға және елді мекенді абаттандыруға ықпал ететін болады.

Осылайша, аталған іс-шараларды іске асыру Егіндікөл ауылының инженерлік, тұрғын үй және экологиялық инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жұмысты кешенді түрде жалғастыруға, елді мекенді абаттандыру деңгейін арттыруға және халықтың тұруы үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

2026 жылғы 4 қазанға тағайындалған Егіндікөл ауданы Ұзынкөл ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша кандидаттарды тіркеу туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5 бабының 9 тармағына сәйкес, Егіндікөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Егіндікөл ауданы Ұзынкөл ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеді: - Гайнуллина Айнагүл Асқарқызы - 1987 жылы туған, «Егіндікөл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, Егіндікөл ауылында

тұрады, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған. - Жанғазыева Нұршат Полатқызы – 1992 жылы туған, «Егіндікөл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас инспекторы, Егіндікөл ауылында тұрады, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған. - Сүлейменова Самал Оразбайқызы - 1986 жылы туған, «Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі, Ұзынкөл ауылында тұрады, «ӨДІЛЕТ» партиясынан ұсынылған.

Сообщение о регистрации кандидатов по выборам акима Узынкольского сельского округа Егиндыкольского района, назначенных на 4 октября 2026 года

В соответствии с пунктом 9 статьи 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Егиндыкольская районная территориальная избирательная комиссия зарегистрировала кандидатами в акимы Узынкольского сельского округа Егиндыкольского района: - Гайнуллина Айнагуль Аскаровна – 1987 года рождения, руководитель отдела документационного обеспечения государственного учреждения «Аппарат акима Егиндыкольского района», проживает в селе Егиндыколь, выдвинута в порядке самовыдвижения. - Жангазыева Нуршат Полатовна – 1992 года рождения, главный инспектор государственного

учреждения «Аппарат акима Егиндыкольского района», проживает в селе Егиндыколь, выдвинута в порядке самовыдвижения. - Сулейменова Самал Оразбаевна– 1986 года рождения, аким государственного учреждения «Аппарат акима Узынкольского сельского округа», проживает в селе Узынколь, выдвинута от партии «ӨДІЛЕТ».

Егіндікөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Егиндыкольская районная территориальная избирательная комиссия

Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

№ п/п	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Ұзынкөл ауылы, Школьная көшесі 33, Егіндікөл ауданы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің жанындағы «Егіндікөл аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны мәдени-демалыс орталығы ғимаратының жанындағы стенд
2	Тоғанас ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 40, «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы стенд

Места для размещения агитационных печатных материалов

№ п/п	Места для размещения агитационных печатных материалов
1	Село Узынколь, улица Школьная 33, стенд у здания культурно-досугового центра государственного коммунального казенного предприятия «Егиндыкольский районный Дом культуры» при отделе внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Егиндыкольского района
2	Село Тоғанас, улица Ыбырая Алтынсарина 40, стенд у здания коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Тоғанас отдела образования по Егиндыкольскому району управления образования Акмолинской области»

Егіндікөл ауданы бойынша сайлаушылармен кездесу өткізуге арналған орындар ТІЗБЕСІ

№	Елді мекеннің атауы	Сайлаушылармен кездесуге арналған үй-жайлардың мекенжайлары	Күні
1	Ұзынкөл ауылы	Школьная көшесі 33, Егіндікөл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі жанындағы «Егіндікөл аудандық Мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәдени-демалыс орталығының залы	18.01 сағат 13.09.2026-00.00 сағат 03.10.2026 ж.
2	Тоғанас ауылы	Ыбырай Алтынсарин көшесі 40, «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі Тоғанас ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің № 4 кабинеті	18.01 сағат 13.09.2026-00.00 сағат 03.10.2026 ж.

ПЕРЕЧЕНЬ

мест для встреч с избирателями по Егиндыкольскому району

№	Наименование населенного пункта	Адреса помещений для встреч с избирателями	Дата
1	Село Узынколь	улица Школьная 33, зал культурно-досугового центра государственного коммунального казенного предприятия «Егиндыкольский районный Дом культуры» при отделе внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Егиндыкольского района	18.01 часов 13.09.2026 по 00.00 часов 03.10.2026 г.
2	Село Тоғанас	улица Ыбырай Алтынсарина 40, кабинет № 4 коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Тоғанас отдела образования по Егиндыкольскому району управления образования Акмолинской области»	18.01 часов 13.09.2026 по 00.00 часов 03.10.2026 г.

Егіндікөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының қаражатынан төленді

ЖАДЫНАМА

Құс тұмауы дегеніміз не?

Құс тұмауы (авиан тұмауы) — үй және жабайы құстарда кездесетін жұқпалы вирустық ауру. Вирустың кейбір түрлері, әсіресе жоғары патогенді құс тұмауы вирустары (ЖПҚТ), құстар арасында ауыр ауруға және жоғары өлім-жітімге әкелуі мүмкін. Вирустың негізгі таралу көздері ауру және инфекция жұқтырған құстар, тыныс алу жолдарынан бөлінетін бөлінділер мен саңғырық, ластанған жем, су, құрал-саймандар, көлік және киім болуы мүмкін. Жабайы су құстары вирустың айналымына және таралуына қатысуы мүмкін. Қандай белгілерге назар аудару қажет? Келесі белгілер пайда болған кезде ауруға күдік туындауы керек: •құстардың кенеттен қырылуы; •жұмыртқалаудың күрт төмендеуі; •жем мен судан бас тарту; •әлсіздік, қимыл-қозғалыстың азаюы; •тыныс алудың қиындауы, жөтелу, түшкіру; •мұрын мен көзден бөлінділердің бөлінуі; •басының, аядары мен сырғаларының ісінуі; •аядары мен сырғаларының көгеруі; •қозғалыс үйлесімділігінің бұзылуы; •жабайы құстардың әдеттен тыс жаппай жиналуы немесе қырылуы. Маңызды: айқын клиникалық белгілердің болмауы әрдайым инфекцияның жоқ екенін білдірмейді. Сондықтан күдікті жағдайларда ветеринариялық тексеру жүргізілуі қажет. Инфекцияның шаруашылыққа енуін қалай болдырмауға болады? Шаруашылықтарда: 1.Үй құстарының жабайы құстармен жанасуына жол бермеу. 2.Құстарды жабайы құстардың кіруіне жол бермейтін жабық үй-жайларда немесе қоршалған алаңдарда ұстау. 3.Егер судың ластану қаупі болса, құстарға суару үшін ашық су айдындарынан алынған суды пайдаланбау. 4.Құс қораларын, құрал-саймандарды, жабдықтарды және көлікті үнемі тазалап, дезинфекциялау. 5.Ветеринариялық мәртебесі расталмаған құстарды сатып алмау. 6.Жаңадан сатып алынған құстарды ветеринариялық талаптарды сақтамай, қолда бар құстармен араластырмау. 7.Ауру немесе ауруға күдікті құстарды ветеринариялық қызметтің рұқсатынсыз тасымалдамау. 8.Ауру немесе құстардың қырылуы анықталған жағдайда дереу ветеринариялық қызметке хабарлау. Қатаң биоқауіпсіздік шараларын сақтау және күдікті жағдайлар туралы уақтылы хабарлау — алдын алудың негізгі шаралары болып табылады. Құс тұмауына күдік туындаған кездегі іс-қимыл алгоритмі 1.Құстардың әдеттен тыс қырылғанын немесе ауру белгілерін байқадыңыз, клиникалық байқау жасаңыз. 2.Ауруға күдікті құсты оқшаулаңыз және адамдардың, құстардың, құрал-саймандардың және көліктің қозғалысын шектеңіз. 3.Ауру немесе өлі құстарды қажетсіз ұстамаңыз. 4.Аумақтық ветеринариялық қызметке хабарлаңыз. 5.Ветеринариялық маманның келуін күтіңіз және оның нұсқауларын орындаңыз. 6.Қажет болған жағдайда ветеринариялық қызмет сынама алуды және зертханалық зерттеу жүргізуді ұйымдастырады. Құстардың ауруы мен қырылу жағдайларын жасырмаңыз! Уақтылы хабарлау мыналарды қорғауға көмектеседі: •үй құстарын; •жабайы құстарды; •көршілес шаруашылықтарды.

Басты ереже ҚҰСТАРДЫҢ ӘДЕТТЕН ТЫС ҚЫРЫЛҒАНЫН БАЙҚАСАҢЫЗ — ҰСТАМАҢЫЗ, ТАСЫМАЛДАМАҢЫЗ, ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ХАБАРЛАҢЫЗ! «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Егіндікөл аумақтық инспекциясы» ММ

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: egindikolinfo@mail.ru					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балших Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу куәлігі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.